

ӨНЕРЛІ ҰЯДАН — ӨНЕРПАЗ ТҮЛЕК ҰШАДЫ

М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінің «Бейнелеу өнері және дизайн» кафедрасы «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында «Өнерлі ұядан – өнерпаз түлек ұшады» атты кескіндеме өнер саласы бойынша онлайн шығармашылық байқауын өткізді.

Байқауға жастардың екі мыңнан аса туындылары қойылды. Туындылар өткен және бүгінгі дәуірдің әлемінен сыр шертеді. Талапкерлердің идеясының негізгі түпкі-төркіні – дәстүрді қайта жаңғырту. Осы кескіндеме, өнер саласын дамыту жолындағы үлесі болмақ.

«Суретшілер кескіндеменің әртүрлі бағыттары арқылы келушілерге қоғамдағы шындықты көрсетуге тырысқан. Кескіндеме өнері өте күрделі, әрі нәзік шығармашылық жұмыс. Өнердің бұл саласы қажырлы еңбек пен төзімділікті қажет етеді. Байқауға қойылған әрбір туынды ой

салады», - дейді «Бейнелеу өнері және дизайн» кафедрасының оқытушылары. Байқаудағы талантты жастардың фото, майлы бояу, иллюзиялық, анималистік бағыттардағы және ағаш, сүйектен жасалған бұйымдар да көпшілікті тәнті етті.

А.СӘРСЕН, П. ИБРАИМОВА,
М.Әуезов атындағы Оңтүстік
Қазақстан университетінің
Бейнелеу өнері және дизайн»
кафедрасының
оқытушылары,

Ж.САТАНОВА,
МС 18 – 10к тобының
3 курс студенті

